



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ЖАҢА МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЙДІ



Кеше ғана Quacquarelli Symonds (QS, Ұлыбритания) агенттігінің зерттеулеріне сәйкес үздік секіріс жасап, дүние жүзі деңгейіндегі университеттер көрсеткіші бойынша әлемдік топ-университеттер рейтингінде 200 орынға жоғарылап, 401-450 дәрежеге енген ҚазҰУ-дың алдында әлі де үлкен ақын мақсаттар тұр. Бұл кезекті университет Ғылыми кеңесінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Ғалым Мұтановтың жасаған «2010-2011 оқу жылындағы университет қызметі мен ұжымның жаңа оқу жылындағы мақсаттары» туралы баяндамадан анық көрінді. Онда университет басшысы оқытушы-профессорлар құрамын алдағы тұрған тың міндеттермен таныстырды.

Баяндама ҚазҰУ-дың білім саласындағы жетістіктерін саралап, жаңа оқу жылына арналған жаңа міндеттерді қамтыды. Ректор Ғалым Мұтанов университеттегі оқу жүйесі зерттеу қызметі арқылы жүзеге асырылу керек деген ұстаныммен сөз бастады. Университет жетекшісі қолданбалы және фундаменталді зерттеулерді

кеңейту, жетекші білім бағдарламалары мен технологияларды дамыту, халықаралық білім беру бағдарламаларын, қос диплом беру бағдарламасын дамыту туралы ойын жеткізді. Ғылыми кеңес мүшелері басшылықтың баяндамасын зор ықыласпен тыңдап, өздеріне жүктелген жаңа міндеттерді тоқып алып отырды.

Бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде бәсекеге қабілетті маман даярлауда компетенттік бағыт жасалып, бакалавр, магистратура және докторантура сатыларында компетенция жүйесі қалыптасқан. Ғылым-білім-инновация тұтастығында үздіксіз тәжірибелік даярлау тұжырымдамасы іске асуда. Бітіруші түлектердің диплом жұмыстарының тақырыбы ғылым және экономика саласы бойынша әлемдік деңгейде сұранысқа ие тақырыптарға бағытталып, жоғарғы талаптар жан-жақты қолға алынды.

(Жалғасы 2-бетте)

Глава государства Нурсултан Назарбаев поставил перед национальными университетами принципиально новые и очень масштабные задачи. Ведущий вуз страны – Казахский национальный университет имени аль-Фараби – не остался в стороне, и, руководствуясь поставленными целями, разработал и утвердил стратегию развития. В ней четко определены векторы и базовые задачи развития трех главных составляющих – системы управления, образовательного процесса и науки на основе самых современных подходов. Подробнее об этом в интервью с руководителем аппарата ректора КазНУ имени аль-Фараби Кайратом Жусуповым.

СИСТЕМНЫЙ ПРОГРЕСС

– Кайрат Зиявич, у Вас большой опыт работы в государственных структурах, органах прокуратуры и юстиции. Теперь Вы работаете руководителем аппарата ректора КазНУ им. аль-Фараби. Как Вы восприняли назначение на эту должность?

– Работа руководителем аппарата ведущего вуза страны для меня большая честь. Я ведь выпускник Казахского государственного университета им. С.М.Кирова 1973 года. Вся моя жизнь, трудовая биография была связана с образованием, полученным здесь. Вернуться в Alma-mater было и приятно, и очень волнующе. До сих пор как студент испытываю трепет, входя в прекрасное здание ректората, ведь здесь трудятся мой декан академик Султан Сартаевич Сартаев, великий правовед Салык Зиманович Зиманов... У меня такое ощущение, что я сделал виток вокруг земной оси, вновь переступив порог родного университета.

(Продолжение на 3 стр.)

ӨНЕГЕ

ҚАЗАҚША СӨЙЛЕСЕЙІК!

22 қыркүйек – Қазақстан халықтарының Тілдері күні мерекесі. Ел достастығын, бұқара бірлігін нығайта түсетін айтулы мейрам әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ерекше сипат алды. Бұл күні жұмыс уақыты да мемлекеттік тілге деген үлкен құрметпен, ана тіліне деген аса сүйіспеншілікпен басталды.

Мерекеді таңнан бастап ҚазҰУ қалашығында мерекелік рухты көтеретін ұлттық әндер қойылды. Университеттің әкімшілік және оқу ғимараттарында қызметкерлер мен студенттерді ұлттық киім үлгісіндегі жастар қарсы алды. Олар ғимаратқа енген әр адамнан қазақ тілінде амандасуын, ана тілінде мақал-мәтел, қанатты сөз айтуын талап етті.

(Продолжение на 4 стр.)

ҚАБІЛЕТТІЛІК

БІЗ ДЕ СТУДЕНТ АТАНДЫҚ!

ҚазҰУ қалашығы Студенттер сарайы алдындағы алаңда жыл сайынғы университеттегі қалыптасқан дәстүр бойынша 2011 жылғы ҚазҰУ-дың 1-курс студенттеріне арналған студенттер қатарына қабылдау рәсімі салтанатты түрде өтті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 24 қыркүйек күні салтанатты түрде қызығы мен қиынын қатар сезінетін, қиынын да ерекше қызық деп қабылдайтын студент қауымының қатарына 1-курс білімгерлерін қабылдады. Студенттік шақты басынан өткерген жоғары буын аға-апаларымыз бұл кезеңді «адам өміріндегі ең бақытты, ең тәтті естеліктерге толы шақтың бірі» деп жатады.

(Жалғасы 3-бетте)



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ЖАҢА МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЙДІ

(Басы 1-бетте)

Биыл оқу үдерісінде де айтулы өзгерістер бар. Шет тіліндегі пәндер енгізіліп, университет бойынша жалпы 415 пән ағылшын тілінде жүргізілуде. Олардың 176-сы бакалаврда оқытылса, 156-сы магистратурада, ал қалған 83-і PhD докторантурада. Сонымен бірге connect.kaznu.kz интернет жүйесі арқылы бейне конференциялар өткізу мүмкіндігі туды. Компьютерлік және мультимедиялық жабдықталған тыұторлық интернет сыныптары ашылды. Қашықтықтан оқыту курстарының саны 300-ден асып жығылады. «Дене тәрбиесі және спорт» пәні бойынша студенттер қызығушылығына сай спорттың 15 түрі таңдалып, студенттер сабақтан тыс уақытта спорт кешеніндегі 28 секцияда спортпен шұғылдану мүмкіндігіне ие болды. Осылайша, жастар қызығушылықтарына сай салауатты өмір салтын қалыптастырмақ. Бұл ретте дене тәрбиесі және спорт пәні академиялық кестеден шығарылғаны айта кеткеніміз жөн. Сондай-ақ, қара шаңырақта Колумбия университетімен бірлесіп, ТМД тұңғыш рет Глобал сыныбы ашылды.

Жетістіктермен қатар оқу жүйесінде дамытуды қажет ететін тұстарға да кеңірек тоқталған ҚазҰУ ректоры, шетелдік студенттерді оқытуды арттыру керектігін тілге тиек етті. 2010-2011 жылғы оқу кезеңі бойынша, қара шаңырақтың бакалавр сатысында 634 шетелдік студент, ал магистратурада 36 шетелдік жас білім алған. Ал 2011-2012 оқу жылына бакалаврға 607, магистратураға 31 шетелдік азамат қабылданды. Бұл үрдіс білім жүйесінде жасалған шаралардың бірегейі.

Көшбасшы университеттің ғылыми жұмыстарына тоқталатын болсақ, 2010 жылы университет ғалымдары тарапынан 254 жоба жүзеге асты. Ғылыми жобалармен айналысуды барынша көбейтуді айтқан Ғалым Мұтанұлы университеттің әр саласының даму бағыттарына жеке-жеке тоқталып, өркендеуге үлес қосар нақты тапсырмаларды атады.

Факультеттерге қойылған талаптар бойынша, енді әр факультетте жалпы мамандықтардың біреуі ағылшын тілінде оқытылу керек. Кем дегенде бір бағдарлама бойынша шетелдік жетекші жоғары оқу орындарымен академиялық ұтқырлықты дамыта отырып, қос диплом бағдарламасын жетілдіре түсу басты талаптардың бірі. Түлектердің жұмысқа орналасуы кем дегенде 75%-ды құрауы



міндеттелді. Ғылыми кеңесте кафедралар тарапына да нақты тапсырмалар «еншіленді». Мәселен, ТМД елін қосқанда жылына кем дегенде екі шетелдік студентті мамандандыру, студенттерді жылына жоқ дегенде үш жаңа тәжірибе орындарымен қамту, жылына бес магистрант пен бір докторантты даярлау жүктелді. Демеушілер тауып білім гранттарын көбейту жағы да айтылды. Сондай-ақ, үздік студенттерге қолдау таныту үшін бір кафедра ұжымы бірігіп бір грант тағайындаса деген ұсыныс та айтылды.

Маманға қажет қасиеттердің ең негізгісі – адамгершілік десек, баяндамада бұған қатысты қара шаңырақтағы әлеуметтік жаңғыру саласындағы жетістіктер де баяндалды. Еліміздегі жоғары оқу орындарының көшбасшы білім ордасында Куратор-эдвайзерлар кеңесінің жұмысы, Куратор-эдвайзерлар мектебі жұмыс атқарып, өз кезегінде куратор-эдвайзерлар жұмысын рейтингтік бағалау жүйесі енгізілген. Нәтижесінде балдық көрсеткішке сай штаттық еңбекақыға үстемақы қосылмақ. Университеттегі гуманитаризация бойынша кеңес өз жұмысын сәтті атқаруы болашақ мамандардың бойына ізгілік нұрын себе түспек.

Баяндамада аталмыш шаралармен қатар жасалынып жатқан әлеуметтік жеңілдіктер, тағайындалып жатқан студенттік шәкіртақылар және тағы да басқа жетістіктер туралы да сөз болды. Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай университетте

қолға алынған «Тәуелсіздіктің 20 жылдығына – 20 инновация» жобасы бойынша жасалынып жатқан ғылыми-зерттеулер 5 желтоқсанға дейін жүзеге асырылып, қорытындылануы керектігі міндеттелді.

Бір сөзбен айтқанда, ғылыми кеңесте жасалған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалым Мұтановтың баяндамасы 2011 – 2012 оқу жылындағы жаңа міндеттер мен талаптарды айқындап берді. Міндеттердің ұжымға үлкен жауапкершілік жүктейтінін сезінген Ғылыми кеңес мүшелері бұл асудың да алдағы күндері алынатынына үлкен сенім білдірді.

P.S. Сонымен қатар, Ғылыми кеңесте «2011 жылғы қабылдау комиссиясы жұмысының қорытындысы» туралы қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы М.Ә. Ауғаннның ақпары тыңдалып, дәстүр бойынша ҚазҰУ мен ірі төрт ғылыми зерттеу институты арасындағы екі жақты ынтымақтастық жөніндегі келісімшартқа қол қойылды. Бұл құжаттар өз кезегінде сапалы маман даярлауға үлес қосып, университетте ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруға түрткі болмақ. Сондай-ақ, басқа жоғары оқу орындарына басшылық қызметке ауысқан қара шаңырақтың бір топ қызметкерлеріне басшылық тарапынан алғыс хаттар берілді.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

ҚЫСҚА-НҮСҚА

23 қыркүйекте Holiday Inn Алматы Hotel ғимаратында «Қазақстанның жылдамдатылған индустриалды-инновациялық дамуы мен әлемдік кеңістікте интеграциялық үрдістерді белсендіру жағдайында заң шығармашылық процесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Іс-шара әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Мемлекет және құқық институты мен Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің бірлесіп ұйымдастыруымен Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына және 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыру міндеттерін атқаруға орай ұйымдастырылды.

23 қыркүйекте университеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттеріне ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту комитетінің Төрағасы Қайрат Әйтекенов «Инновациялық индустриалдану арқылы Қазақстан экономикасын жаңарту» дәрісін оқыды. Дәрісте ол экономиканың жаңаруы, бәсекеге қабілеттіліктің дамуы, кедендік Одақ жайында баяндады. Кәсіпкерлікті дамыту комитеті төрағасының айтуынша, еліміздің ЖІӨ өсіп, халық жағдайы жақсаруда. ЖІӨ бүгінде 5,6 пайызды құраса, жыл соңына дейін 7 пайызға жетпек.

Жақында философия және саясаттану факультетінде дінтану және мәдениеттану кафедрасы ұжымының ұйымдастыруымен Мимар Синан атындағы көркем өнер және мәдениет университетінің ғылыми істер жөніндегі вице-президенті, Ежелгі түркілердің дүниетанымы, тарихы және мәдениеті саласын зерттеп жүрген ғалым, профессор Ахмет Тағашыл студенттерге «Түркілерді зерттеудегі мәдени антропологиялық принциптер» және «Түркілердің этномәдени негіздері» тақырыптарында дәріс оқыды.

Ғалым 145-тен астам ғылыми мақалалар мен 6 кітаптың авторы, сондай-ақ, 8 ғылыми зерттеу жобаларын жүзеге асырған. Франция, Ұлыбритания, Қытай Халық Республикасы, Оңтүстік Корея, Германия және Қазақстан Республикасында болып, ғылыми тәжірибелік өтілден өтіп, «Түркісой» халықаралық ұйымның, халықаралық ұйымдардың беделді мүшесі болып табылады.

ӘРІПТЕСТІК

Қытай Халық университетінің ректоры ҚазҰУ-да қонақта болды

2011 жылдың 21 қыркүйегінде ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов Қытай Халық университетінің ректоры Ци Бао Чэнь мырзамен кездесті. Келген делегаттар құрамында оқу ісі бөлімінің директоры Хун Да Юн, орыс тілі кафедрасының доценті Чэнь Фан, халықаралық бөлім директорының орынбасары Чэнь Синь және халықаралық қатынастар факультеті деканының орынбасары Цзинь Цань Жун болды. Олар әуелі ҚазҰУ-дағы Конфуций институты, мұражай, заң мен экономика және бизнес жоғары мектебімен танысты.

Екі жоғары оқу орнының басшылары университеттердің қарым-қатынастары мен стратегиялық ынтымақтастық даму мәселелерін талқылады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қытай мемлекетінің бірнеше институттарымен жақсы әріптес. 1990-2001 жылдар аралығында ҚазҰУ Қытайдың оқу орындарымен ғылыми-зерттеу және білім алу хақында 18 келісім мен өзара түсіншілік туралы меморандумдарға қол қойған. Келісім шарты бойынша студенттер мен оқытушылардың жыл сайынғы халықаралық тәжірибе, ғылыми семинар, конференцияларға қатысу мүмкіндіктері бар. Бүгінде, шетелден ҚазҰУ-ға келетін студенттердің көпшілігі Қытай елінен болып табылады. Арнайы келген қонақтар алдағы уақытта да әріптестігімізді нығайтып, ынтымақтастық орнатуда келісім-шартқа қол қою рәсіміне ҚазҰУ ректорын өз университеттеріне шақырды.

Қытайдың халық университеті білім беру сапасы жағынан Қытайдағы ең мықты оқу орындарының бірі екендігін Ци Бао Чэнь айта келіп, әсіресе, заң, экономика, журналистика факультеттерінің түлектері еңбек нарығында бағалы. ҚХУ дүниежүзіндегі 32 мемлекеттің 118 институттарымен қызмет етіп, Пекиндегі рейтингі жоғары оқу орындарының бірі деп толық таныстырып берді.

ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті қытайтану кафедрасында тек қытай тілін емес, тарихы мен мәдениетін, экономикасы мен салт-дәстүрін студенттер қызыға оқытындығы туралы факультет деканы Баян Жұбатова айтып өтті.

Кездесу соңында екіжақ сый-сияпат алмасып, суретке түсті. Қонақтарымыз арнайы кітапхана және шығыстану факультетінің қытайтану кафедрасына кітаптарды сыйға тартты.

Еңлік АҚЖІПТ

В октябре 2009 года Глава государства Нурсултан Назарбаев, выступая в КазНУ им. аль-Фараби, отметил: «Нам необходимо создать ядро национального интеллекта, нам нужны эрудированные люди, способные конкурировать на международном уровне».

Выполняя поручение Президента страны о достойном вхождении в мировое образовательное пространство, коллектив нашего университета уверенно продвигается к поставленной цели – стать ведущим национальным исследовательским вузом международного уровня. Преобразования дают первые позитивные результаты. В международном рейтинге Quasquarelli Symonds (QS) из 700 самых известных в мире топ-университетов КазНУ вошел в группу 401-450. В будущем мы должны добиться лучших результатов в мировых рейтингах, это повысит конкурентоспособность КазНУ, сделает его привлекательнее на международном уровне.

Следует отметить, что в этом плане проводится большая работа по расширению связей с зарубежными вузами и партнерами. Одним из новых направлений международного сотрудничества станет создание в университете совместно с Фондом Карнеги «За международный мир» (США) научно-образовательного центра «Аль-Фараби - Карнеги». Работа центра, который открывается при факультете международных отношений КазНУ, будет направлена на содействие открытому диалогу между казахстанскими, центрально-азиатскими, международ-

ПОВЫШАЯ УРОВЕНЬ МЕЖДУНАРОДНОГО ПРИЗНАНИЯ ...

ными образовательными и исследовательскими организациями, бизнес- и государственными структурами по широкому спектру вопросов региональной и международной безопасности.

Штаб-квартира Фонда Карнеги находится в Вашингтоне, действуют представительства в Москве, Брюсселе, Бейруте и Пекине. Теперь Фонд с глобальным присутствием на партнерской основе начнет работу с КазНУ в Центральной Азии. Для казахстанских исследователей это прямой выход на сотрудничество с экспертами США, России, Европы, Ближнего Востока и Китая.

В октябре текущего года планируется презентация центра «Аль-Фараби - Карнеги» на международном уровне. В телемосте между Вашингтоном и Алматы (КазНУ) с американской стороны примут участие представители Администрации Президента США, руководители Фонда Карнеги, общественные и научные деятели. С казахстанской стороны предполагается участие представительств Администрации Президента РК, глав министерств образования и науки РК, иностранных дел, ученых и преподавателей КазНУ. В презентации также примут участие руководители Посольства РК в США и Соединенных Штатов в Казахстане. В рамках

мероприятия пройдет круглый стол, посвященный проблемам обеспечения безопасности в центрально-азиатском регионе.

Научно-исследовательская деятельность центра в первый год его работы будет посвящена 20-летию Независимости Казахстана, запуску долгосрочных проектов по исследованию вопросов религии и общества, изучению перспектив трудовой миграции и интеграционных процессов, вопросам региональной безопасности.

Деятельность Центра «Аль-Фараби - Карнеги» будет способствовать не только углублению казахстанско-американских научных связей, но и более широкому признанию достижений нашей страны на мировой арене, повышению интереса к ней со стороны международных организаций и компаний, привлечению внешних инвестиций.

Открытие в КазНУ научно-образовательного центра «Аль-Фараби - Карнеги» станет еще одним крупным шагом на пути трансформации университета в исследовательский вуз международного уровня.

К.Н. ШАКИРОВ,
декан факультета
международных отношений,
доктор юридических наук

ИННОВАЦИЯ

БІЗ ДЕ СТУДЕНТ АТАНДЫҚ!

(Басы 1-бетте)

Студенттерді қабылдау кеші иыл мемлекетіміз үшін аса маңызды мереке – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Осыған орай, салтанатты кеш егемен еліміздің айғағы болып табылатын, көк Туымыздың композициясы және халықтар достастығы мен бейбіт мемлекеттің қойылымымен ашылды. Студенттердің бұл қойылымға үлкен жауапкершілікпен қарап, көрермендерді дайындықтың өте жақсы екендігінен куәгер етті.

Әр елдің стратегиялық ресурсы жастар болса, ҚазҰУ әрдайым өзінің білікті, әрқашан алдыңғы шепте жүретін жастарымен мақтанады. Мұндай

жаңадан қабылданып жатқан 1-курс студенттеріне алау тапсыру эстафетасымен өздерінің жетістіктерін одан ары жалғастыруды аманат етіп тапсырды.

Әр істе де өнер жоғары бағаланады. Осы уақытқа дейін қара шаңырағымыз ҚазҰУ мәртебесінің әлемде белгілі орын иеленуіне өнерлі де өрелі жастар да зор үлес қосып келеді. Осы орайда, «ҚазҰУ мақтаныштары» шеруін студенттерден құралған көркемөнерпаздар өз қойылымдарымен жалғастырды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ университеті 1934 жылы іргесі қаланған ірі білім және ғылым ордасы. Ұлт зиялылары дәріс оқыған бұл шаңырақ ел элитасын даярлайтын жетекші ЖОО екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Өзінің 77 жыл тарихын-

ліп, үлкен жетістік көрсетуі және осындай білім ордасының студенті атану кімге болса да үлкен мәртебе. Ал университеттің студенті екенін куәландыратын басты құжат – студенттік билет. Осы «студенттік билет» пен «білім кілтін» тапсыру рәсімінде университет ректоры, академик Ғалым Мұтанов «Біліктіліктің кілті – білімде, ал білім кілті – ҚазҰУ студенттерінде. Сондықтан, студенттер білім нәрімен жан-жақты сусындасын», – деп болашағынан зор үміт күттіретін жастарға шынайы тілегін жеткізді.

ҚазҰУ студенттерін қабылдау мерекесіне арнайы келген, елімізде үлкен танымалдылыққа ие болған «Мәссаған» тележобасының жүргізушілері мен авторлары 1-курс студенттерін өз өнерлерімен құттықтады. Тек осы жобаның авторлары ғана емес, сонымен қатар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың түлектері болып табылатын жұлдыздардың ҚазҰУ сахнасында өнер көрсетуі студенттерге ерекше көңіл-күй сыйлады.

«Меніңше, студент атанудың өзі әркімнің бағына бұйыра бермейтін бақ. Ал «ҚазҰУ студенті» атану тек үлкен мақтаныш қана емес, сонымен қатар аса үлкен жауапкершілік. Себебі, 77 жылдық тарихы бар қара



шаңырақта мықты профессорлардың дәрістерін тыңдап өсу кейінгі өмірінде кім болып қалыптасуына салынатын капитал. Бүгін студентпіз, ертең маманбыз. Мен барша ҚазҰУ студенттеріне бүгін студент, ертең еліміздің адамзат игілігі үшін аянбай еңбек ететін қайраткердің бірегейі болсын деп тілеймін!», – деп ресми түрде студент атанған тарих факультетінің 1-курс студенті Сұлтанбек Тұрарбекұлы өз әсерімен бөлісті.

Кеш қазақ эстрадасы жұлдыздарының қатысуымен ұйымдас-

тырылған «Қазақша би кешімен» одан әрі жалғасын тапты.

*Әрқашан және әркезде
Жететін биік шыңдарға,
ҚазҰУ-лық болу бір кезде,
Арман еді мыңдарға.*

*Оқуға түстің көздеген,
Білім ордасы ҚазҰУ-ға,
Міндетің енді өзгеден,
Білімді болып жануда!*

**Сандуғаш ҚАРТАЕВА,
Жастар ұйымдарымен
жұмыс жөніндегі бөлім**



жастардың шеруін биыл да 1000-жуық «Алтын белгі» игері мен көптеген халықаралық, республикалық және «әл-Фараби» олимпиадаларының жеңімпазы бастады.

Салауатты ұрпақ – ел болашағының кепілі. ҚазҰУ-да салауатты өмір салтын өмірлік мақсат етіп таңдаған студенттер саны аз емес. Салтанат барысында университетіміздің абыройын халықаралық, республикалық спорт алаңдарында үнемі үлкен жеңістермен асқақтатып жүрген, спорттық жетістіктері бар жоғары курс студенттері

да ҚазҰУ 125 мыңнан астам түлекті қанаттандырып, үлкен өмірге жолдама берді. Киелі шаңырақта білім алған студенттер бүгінде мемлекеттік қызметте, білікте, басшылықта және шетелдік компаниялар сияқты айтулы мекемелерде қарымды еңбек етуде. Дәл қазірдің өзінде республикамыздың басқару жүйесінде отырған білікті мамандар мен талантты ғалымдардың, педагогтардың үлкен тобы осы киелі шаңырақтан шыңдалып шыққандар.

Университетіміздің әлемдік рейтингте 200 позицияға көтері-



(Начало на 1 стр.)

Аппаратная работа мне хорошо знакома. Руководил аппаратом Верховного суда, Генеральной прокуратуры, Министерства образования и науки, акима Восточно-Казахстанской области. Основными направлениями деятельности аппарата ректора являются: контроль за неукоснительным исполнением законов, приказов и распоряжений Министерства образования и науки,

СИСТЕМНЫЙ ПРОГРЕСС

ректора университета, координация деятельности всех подразделений вуза и другие.

– Сейчас КазНУ приблизился к модели научно-исследовательского университета. Расскажите подробнее, что это значит?

– Термин «исследовательский университет» отражает особую миссию вуза, направленную на удовлетворение потребностей общества в новых знаниях и специалистах, на реализацию достижений науки в реальный сектор экономики, на формирование человеческого капитала страны. В настоящее время научно-технические идеи и разработки, высокие технологии и наукоемкая продукция, интеллектуальный и образовательный потенциал кадров становятся главными движущими силами устойчивого экономического роста государства. Как свидетельствует опыт многих стран мира, ведущая роль в обеспечении перехода

к эффективной экономике, основанной на знаниях, всегда принадлежала университетам. Казахский национальный университет им. аль-Фараби на протяжении всей истории предоставляет фундаментальное образование и развивает фундаментальные научные исследования. На основе синтеза науки, образования и инноваций решается важная задача, поставленная Президентом страны Нурсултаном Назарбаевым, – обеспечить высокую конкурентоспособность выпускников на мировом рынке труда.

– По вашему мнению, почему КазНУ оказался первым в этой сфере?

– Хочу отметить, что в нашем университете сосредоточен уникальный интеллектуальный потенциал: работают свыше 2 тысяч высококвалифицированных преподавателей, в том числе 11 академиков НАН РК, 53 академика инженерной и других

академий, 300 докторов наук, 700 доцентов и кандидатов наук, порядка 40 докторов PhD. КазНУ – единственный вуз в стране с собственной системой научных организаций. Здесь функционируют 25 НИИ и научных центров, в том числе научно-технический парк, Национальная нанотехнологическая лаборатория. Это мощная основа для трансформации нашего вуза в исследовательский университет. Программа, предусматривающая коренную модернизацию всех направлений университетской жизни выносилась на всестороннее обсуждение профессорско-преподавательского состава и сотрудников. Эта огромная работа, проводимая под руководством ректора КазНУ, академика Галыма Мутанова, нашла одобрение Ученого совета, ректората и коллектива университета.

Сегодня факультеты сформированы на основе кластерного

подхода, укрупнены кафедры, ведущие наделяются большими полномочиями, укрепляется материальная и научно-лабораторная база. Одним словом, есть все условия для эффективной работы. И модернизация университета дает первые плоды многомесячной кропотливой работы коллектива. По данным рейтингового агентства Quacquarelli Symonds (QS), КазНУ в 2011 году продвинулся вперед на 200 позиций заняв прочную позицию 401-450 из 700 лучших вузов мира. Наш университет первым среди вузов Центральной Азии приблизился к топ-университетам среднего ранга.

– Что Вы пожелаете 20-ти тысячному коллективу КазНУ?

– Желаю доброго здоровья, оптимизма и единства в решении поставленных перед университетом задач.

Светлана ВЕЛИТЧЕНКО

ИНТЕРВЬЮ



ҚАЗАҚША СӨЙЛЕСЕЙІК!

(Басы 1-бетте)

Өз кезегінде басшылықтан бастап, студентке дейін қазақ тілінде сөз саптап, тілдер мерекесі қарсаңында мемлекеттік тілдің мерейін асырып жатты. «Қазақша сөйлесейік!» акциясының ұйымдастырушылары тарапынан таңғы асқа бауырсақ ұсынылды. Сәлемін ана тілінде бастаған жұмыс күні де сәтті болды, қазақтың қара шаңырағын мерекелік көңіл күй кернеді.

Тіл – халықтың асыл мұрасы. Бойымызға анамыздың ақ сүтімен дарыған ана тілімізді аялап ардақтау әрбір қазақ азаматының борышы, адал парызы.

Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Көп ұлтты мемлекет үшін мемлекеттік тіл қажет. Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – көп ұлтты елдің барлық халқын саяси-мәдени бірлікке ұйымдастырудың басты құралы. Көп ұлтты Қазақстанда мемлекеттік тіл өз қызметін толық атқару үшін Тіл Заңын қабылдау қажет болды. «Қазақ КСР-нің тіл туралы Заңы» 1989 жылы қабылданды. Одан кейін Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет болуына байланысты 1992 жылы және 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Жаңа Конститу-

циясында қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып бекітілді. Мемлекеттік тіл – Ту мен Елтаңба сияқты мемлекеттің рәмізі. Осыған сәйкес 1997 жылы 11 шілдеде Қазақстан Республикасының «Тіл туралы заңы» қабылданып, оның 4 бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» екені жазылған.

22 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдер күні мерекесінде Жастар ұйымдар комитеті ұйымдастырған «Қазақша сөйлесейік» атты акцияның негізгі мақсаты қазақ тілінің мәртебесін арттырып, жастар арасында аталмыш мерекені молынан насихаттау. Атаулы акция университетімізде алғаш рет өтіп отыр. Осы орайда «Қазақша сөйлесейік!» акциясына тікелей қатысқан ректор



Ғалымқайыр Мұтанұлы іс-шараны ұйымдастырған студенттерге ризашылығын білдірсе, Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Ерболқызы «Дудар-ай» әнін айтып бір қуантты.

Елбасы «2020 жылға қарай ел тұрғындарының 95 пайы-

зы мемлекеттік тілді меңгеруі керек» деп айтты. Осы орайда университетімізде атқарылып жатқан шаралар қазақ тілінің мерейін арттыра түсетіні сөзсіз. Мәселен, қазірде ҚазҰУ-да Қазақстан халқының Тілдері күні мерекесіне орай Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту департаменттің ұйымдастыруымен университеттік деңгейде «Тілдер» фестивалінің апталығы өтіп жатыр. Онда «Үштұғырлы тіл; бүгінгі мен болашағы» атты пікірталас, «Тілге құрмет – елге құрмет» прозалық және «Ана тілім ардағым» поэзиялық шығармалар байқауы, «Абай оқулары» шығыс, батыс, славян тілдерінде, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»

тақырыптарының аясында ұлттық-мәдени орталық өкілдерімен кездесе және тілдік клубтардың тұсаукесері, «Мемлекеттік тіл – іскери тіл» атты университет қызметкерлері арасындағы байқау сияқты тағы да басқа бірнеше игі шаралар ұйымдастырылуда.

Алда мереке «Тілдер» фестивалінің жабылу салтанатымен қортындыланады. Бүгінгі таңда еңбек нарығының сұранысына сәйкес болу үшін және түлектеріміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында, қазақ тілінің мерейін өсіріп, қолданысын кеңейтуде жасалып жатқан осындай игі шаралардың маңызы зор.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА



АКЦИЯ

КЕРЕК ЕМЕС АНАША, ӨМІРІМІЗ ТАМАША

Қара шаңырақта жаңа оқу жылының жаңалыққа толы игі шаралары басталып-ақ кетті. Қыркүйек айының 21-і күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері мен озат белсенділері нашақорлық індетіне қарсы акция ұйымдастырды.

Акцияға мұрындық болған аталмыш оқу ордасының жастар ұйымының комитеті. Акцияның мақсаты мен мән-мағынасы болашақтың бағдары келешектің кемелі болған білім мен біліктіліктің негізі болып табылатын оқу ордасының студенттерін салауатты өмір салтына бейімдеп, өзгеге үлгі ретінде көрсету. Бір топ студенттер алдында Бостандық ауданының прокурорының бас көмекшісі Болат Нұрғалиұлы, Еркін Қанатұлы, про-

курор көмекшісі Артур Ермекулы, Алматы қаласының ішкі істер басқармасының нашақорлықпен күрес бөлімінің оперөкілі Нұрлан Ғазизұлы сөз-сөйлеп, жастарға баяндама оқыды. Ал студенттер тарапынан «Сұңқар» кәсіподақ ұйымының төрайымы Әлия Қарақожа сөз алып, ҚазҰУ студенттері қашанда салауаттық пен саулық кепілі деген тоқтамды ой айтты.

Студенттер алаңында бұқаралық сипатта наркотиктерді отқа жағып,



өртеу акциясы болды. «Керек емес анаша, өміріміз тамаша» деген лозунгта өрбіген акция өз мәресіне жетті. Аланда өртке оранып, күлі көкке ұшқан нәубет өмірде де сол жалғасын тапса, нұр үстіне нұр болғандығы.

Руслан ЕСМАҒАМБЕТОВ,
Студенттер Сенатының мүшесі

КЕЗДЕСУ

Жуырда республикалық конкурстар мен жыр мүшәйраларының жеңімпаз ақыны, «Ханталапай» көркем фильм сценарийінің авторы, «Қаламгер» әдебиет үйінің директоры Бақыт Беделханмен шығармашылық жүздесу ҚазҰУ-дың №5 жатақханасында болып өтті. Жас журналистерге жылы жүздесуді жасаған «Баспа ісі және дизайн» кафедрасының меңгерушісі Сағатбек Медеубекұлы болатын.

Жүздесу жүректерде жатталады

Әдебиет әлемінде өзіндік қолтаңбасы қалыптасып үлгерген Бақыт Беделхан жастайынан жыр жампоздарымен айтысып, қара сөздің қаймағын қалықтатқан ақын. Журналистер жатақханасында бас қосқан жүздесуді С. Медеубекұлы жүргізіп отырды. Одан кейін ақын өзін өлең жолдарымен таныстырды. Сыр сұхбатқа айналған жүздесу саяси емес, қарапайым, қазақы мақамда өрбіді. Жас тілшілер де ойларында жазылған күпті сұрақтарына ақыннан жауап алды. Жүздесу табиғаты ашық жарқын жайдары көңілде өтті. Өз өлеңінің жетпіс пайызын жатқа оқитын ақын:

- Жасанды өлең жатталмайды. Жүректен шыққан жылы өлең мәңгілік ғұмыр кешеді. Менің осындай ақындық жолға келуімнің өзі өзгеше болды. 6-сынып оқып жүргенімде Мұқағали Мақатаев түсіме кіріп, аян берді. Анам үйге молда шақырып, құран оқытты. Мен содан 15 күн өткеннен кейін-

ак айтысқа қатысып, жүдделі оралдым. Сөйтіп жүріп-ақ, өзімнің ақын болып кеткенімді байқамай қалғаным рас, - дейді Бақыт Беделхан.

Сұхбат барысында өзінің қызықты оқиғаларымен де бөлісті. Ақынның бет-бейнесін халықтың көбі, Бауыржан Момышұлының жастық шағымен ұқсататын көрінеді. Жүздесуде ақын өз тарапынан «Оңаша отыру» өлеңін және «Көкемарал» атты көңіл толқытар әсем әуезді әнін орындап, бір серпілтіп алды. Сегіз қырлы, бір сырлы ақынмен болған жүздесу соңында жас тілшілер қонақтан қолтаңба алып, естелікке суретке түсті. Бұл жүздесу жүректерде ерекше әсерлермен жатталып қалғаны рас.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
журналистика факультеті
«Баспа ісі және дизайн»
кафедрасының
1-курс студенті



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,
Еңлік АҚЖІГІТ
Беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫ
Фототілші – Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.
Индексі 65989.
Тапсырыс №10583

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты